

Акционерлік қоғам
«АЛТ Мұхамеджан Тынышпаев атындағы Университет»



УТВЕРЖДАЮ

АЛТ Университета от

г. (Протокол №8)

Президент-Ректор

Кармағамбетова М.С.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Атауы: 6B11369 – Логистика (салалар бойынша)

Дайындық деңгейі: бакалавриат

Дайындық бағыттарының коды және жіктелуі: 6B113 Көлік қызметтері

Білім беру бағдарламаларының коды және тобы: B095 Көлік қызметтері

Тізілімде тіркелген күні: 26.05.2025

Тіркеу нөмірі: 6B11300089

Алматы, 2025 ж.

СОДЕРЖАНИЕ

1. Бағдарламаны қарау, келісу және бекіту, әзірлеушілер, сарапшылар мен рецензенттер туралы мәліметтер	3
2. Нормативтік сілтемелер	4
3. Білім беру бағдарламасының паспорты	6
4. Түлектің құзыреттілік моделі	7
5. Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерінің оқу пәндерімен / модульдерімен арақатынасы матрицасы	10
6. Бакалавриаттың білім беру бағдарламасының құрылымы	13
7. Бүкіл оқу мерзіміне арналған жұмыс оқу жоспары	14
8. Жоғарғы оқу орны компонентінің пәндер каталогы	16
9. Таңдау компонентінің пәндер каталогы	23
10. Сараптамалық қорытындылар	32
11. Рецензенттің қорытындысы	34
12. Ұсыныс хаттары	38
13. Қарау және бекіту хаттамалары	40
14. Келісу парағы	46
15. Өзгерістерді тіркеу парағы	47

1. БАҒДАРЛАМАНЫ ҚАРАУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ, ӘЗІРЛЕУШІЛЕР, САРАПШЫЛАР МЕН РЕЦЕНЗЕНТТЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР


1 ӘЗІРЛЕНДІ:

ALT Мұхамеджан Тынышпаев атындағы
Университет, «ТҚКП» кафедрасының
профессоры, т.ғ.д.



Карсыбаев Е.Е.

ALT Мұхамеджан атындағы Университет,
Сениор-лектор



Бадамбаева С.Е.

«TransMentor» ЖШС-нің даму жөніндегі
директоры



Жандильдин Т.Ж.

6B11330 – Көлік логистикасы білім беру
бағдарламасы бойынша білім алушы



Жанда М.Д.

2 САРАПШЫЛАР:

«ALS Cargo» ЖШС көлік-логистика
компаниясының директоры



Исенбеков Э.Ш.

«Кемер Логистик» ЖШС-нің бас
директордың орынбасары



Аскарова Ж.

3 РЕЦЕНЗЕНТ:

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалы
«Алматы жүк тасымалы бөлімшесінің»
бас инженері



Имангалиев С.Б.

4 ҚАРАСТЫРЫЛДЫ ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛДЫ:

«Көлік қызметтері және бизнес»
кафедрасының АҚ отырысы
№1 хаттама, 2025 жылғы «18»
02



Мусалиева Р.Д.

«Логистика және бизнес» институтының
ОӘБ отырысы
№7 хаттама, 2025 жылғы
«20» 02



Мусаева Г.С.

ОӘК отырысы
№4 хаттама, 2025 жылғы
«20» 03



Коджабергенова А.К.

5 Ғылыми кеңестің 2025 жылғы «27» 03 № 8 шешімімен БЕКІТІЛГЕН

6 ЕНГІЗІЛДІ Алғаш рет

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер мен кәсіби стандарттар негізінде әзірленді:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (2025 жылғы 16 маусымдағы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

2. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы хаттамасымен бекітілген Ұлттық біліктілік шеңбері.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиясы отырысының 2019 жылғы 27 қарашадағы № 3 хаттамасымен бекітілген «Білім беру» саласы біліктілігінің салалық шеңбері.

4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2025 жылғы 04 наурыздағы № 90 өзгерістермен және толықтырулармен).

5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығымен бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы. (2024 жылғы 20 маусымдағы № 207 толықтырулармен және өзгерістермен).

6. ҚР БҒМ министрінің 20.04.2011 ж. № 152 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (2025 жылғы 26 наурыздағы № 134 толықтырулар мен өзгерістермен).

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы (2023 жылғы 21 шілдедегі № 327 жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен).

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 665 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 536 жағдай бойынша толықтырулармен және өзгерістермен) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын қосу және алып тастау алгоритмі.

9. РИ-АЛТ-33 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламасын әзірлеу тәртібі туралы ереже».

10. Кәсіби стандарт «Көлік-экспедициялық қызметтер» ҚР «Атамекен» ҰКП, №239 бұйрық, 2018 жылғы 6 қыркүйек;

11. Кәсіби стандарт «Жолаушылар тасымалы логистикасы» ҚР «Атамекен» ҰКП, 2019 жылғы 20 желтоқсандағы №256 бұйрықпен бекітілген;

12. [Профессиональный стандарт «Контейнерные перевозки»](#) ҚР «Атамекен» ҰКП, 2019 жылғы 20 желтоқсандағы №256 бұйрықпен бекітілген;

13. [Профессиональный стандарт. Транспортно-экспедиционные услуги](#) ҚР «Атамекен» ҰКП, 2018 жылғы 6 қыркүйектегі №239 бұйрықпен бекітілген;

14. [Профессиональный стандарт: Диспетчерское управление на складе](#) ҚР «Атамекен» ҰКП, 2019 жылғы 20 желтоқсандағы №256 бұйрықпен бекітілген;

15. [Профессиональный стандарт. Логистическая деятельность по перевозке грузов в цепи поставок](#) ҚР «Атамекен» ҰКП, 2019 жылғы 20 желтоқсандағы №256 бұйрықпен бекітілген;

16. [Профессиональный стандарт. Погрузка и разгрузка грузов или багажа пассажиров независимо от вида транспорта](#) ҚР «Атамекен» ҰКП, 2019 жылғы 20 желтоқсандағы №256 бұйрықпен бекітілген;

17. [Профессиональный стандарт. Производственная логистика](#) ҚР «Атамекен» ҰКП, 2019 жылғы 20 желтоқсандағы №256 бұйрықпен бекітілген;

18. [Профессиональный стандарт. Складирование и хранение грузов](#) ҚР «Атамекен» ҰКП, 2019 жылғы 20 желтоқсандағы №256 бұйрықпен бекітілген.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

№	Атауы	Ескерту
1	Тіркеу нөмірі	№ 6B11300089
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі	6B11 Қызметтер
3	Дайындық бағыттарының коды және жіктелуі	6B113 Көлік қызметтері
4	Білім беру бағдарламаларының коды және тобы	B095 Көлік қызметтері
5	Білім беру бағдарламасының атауы	6B11369 – Логистика (салалар бойынша)
6	Білім беру бағдарламасының түрі	Жаңа
7	Білім беру бағдарламасының мақсаты	Көлік және логистика саласында жоғары білікті мамандарды даярлау, оларды логистикалық үдерістерді тиімді басқару, жабдықтау тізбектерін оңтайландыру және көлік қызметтерінің жоғары сапасын қамтамасыз ету бойынша қажетті білім мен кәсіби дағдылармен қамтамасыз ету, сондай-ақ елдің транзиттік әлеуетін іске асыру міндеттерін шешуге қабілетті ету.
8	ХҚКО бойынша деңгей	6
9	ҰБШ бойынша деңгей	6
10	СБШ бойынша деңгей	6
11	Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	Жоқ
	Серіктес ЖОО (БББ)	
	Серіктес ЖОО (ҚДББ)	
12	Оқыту нысаны	Қашықтықтан білім беру технологиясын қолдана отырып, күндізгі, күндізгі
13	Оқыту тілі	қазақ, орыс
14	Кредиттер көлемі	241
15	Берілетін академиялық дәреже	«6B11369 – Логистика (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы бойынша қызметтер саласындағы Бакалавр
16	Кадрларды даярлау бағытына лицензияға қосымшаның болуы	№KZ12LAA00025205, 28.06.2024 ж.
17	Білім беру бағдарламасын аккредиттеудің болуы	-
	Аккредиттеу органының атауы	-
	Аккредиттеудің қолданылу мерзімі	-

4. ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МОДЕЛІ

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

1. Бітірушінің қабілеттерін қалыптастыруға жәрдемдесу:

1) логистикалық жүйелерді зерттеудің өзекті мәселелерін микро- және макроэкономикалық деңгейлерде заманауи цифрлық технологияларды қолдана отырып айқындау және қою;

2) кәсіби міндеттерді тиімді орындауға, кәсіби және жеке дамуға қажетті ақпаратты іздеу және пайдалану;

3) логистикадағы басқарушылық міндеттерді шешу үшін модельдер мен әдістерді қолдану;

4) логистикалық жүйелерде іске асырылатын инновациялық (инвестициялық) жобаларды ғылыми, әдістемелік және экономикалық тұрғыдан негіздеу бойынша тиісті білімдерді қамтамасыз ету;

5) макроэкономикалық деңгейде логистикалық инфрақұрылым нысандарын жобалау, салу және басқару бойынша стратегиялық міндеттерді шешу үдерістеріне қатысты креативті ойлау мен көзқарасты қалыптастыру.

2. Бітірушінің дайындығын қалыптастыруға жәрдемдесу:

1) жеткізушіден тұтынушыға дейінгі материалдық, қаржылық және ақпараттық ағындарды құру және жетілдіру барысында туындайтын міндеттерді шешу;

2) кәсіпорындарда логистикалық үдерістерді ұйымдастыру, осы үдерістерге байланысты міндеттерді шешу және логистикалық жүйелердің ұтымды қамтамасыз етілуі мен жұмыс істеуіне қатысты шешімдер қабылдау;

3) материалдық ағындардың тиімді және ұтымды қозғалысын қамтамасыз ететін логистикалық тізбектер мен сұлбаларды ұйымдастыру;

4) логистикалық қызметті тиімді жүзеге асыру арқылы тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі маңызды әлеуметтік-экономикалық міндетті шешуге үлес қосу.

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Көлік және логистика саласында жоғары білікті мамандарды даярлау, оларды логистикалық үдерістерді тиімді басқару, жабдықтау тізбектерін оңтайландыру және көлік қызметтерінің жоғары сапасын қамтамасыз ету бойынша қажетті білім мен кәсіби дағдылармен қамтамасыз ету, сондай-ақ елдің транзиттік әлеуетін іске асыру міндеттерін шешуге қабілетті ету.

Оқу нәтижелері:

ОН1 – Тұрақты даму мақсатында негізгі тарихи, философиялық, әлеуметтік-мәдени және саяси тұжырымдамаларды түсіну, тұлғалық және кәсіби даму үшін инклюзия бойынша коммуникацияда психологиялық білімді қолдану.

ОН2 – Мемлекеттік, орыс және шетел тілдерінде кәсіби лексиканы қолдану, сондай-ақ логистика саласындағы мәдениетаралық ортада тиімді коммуникация жүргізу үшін өз ойын сауатты жеткізу.

ОН3 – Цифрлық инклюзияны ескере отырып және көлік үдерістерін жауапты әрі этикалық басқару арқылы қоғамға қызмет етуге дайындық таныта отырып, экологиялық тұрақты технологиялар, еңбекті қорғау және өмір қауіпсіздігі қағидаттары бойынша білімді логистикалық шешімдерді әзірлеуде қолдану.

ОН4 – Бизнес-математика, жасыл экономика және тұрақты кәсіпкерлік қағидаттары, қаржылық сауаттылық негізінде үдерістерді бағалау және қолдану, сонымен қатар құқықтық нормалар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ескере отырып басқарушылық міндеттерді шешу.

ОН5 – Логистика саласында экономикалық тұрғыдан негізделген бизнес-жоспарларды қалыптастыру, басқару экономикасы қағидаттарына сүйене отырып іс-қимыл тәртібін жоспарлау және сипаттау, стратегиялық мақсаттарға жету үшін тайм-менеджмент пен бизнес-коммуникацияларды тиімді пайдалану арқылы логистикалық стартаптарды әзірлеу.

ОН6 – Талдау, визуализация және оңтайландыру міндеттерін шешу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, соның ішінде инженерлік графиканы, компьютерлік

модельдеуді және Python бағдарламалау негіздерін таңдап қолдану.

ОН7 – Қалалық және жолаушылар логистикасының ерекшеліктерін ескере отырып, логистикалық үдерістерді талдау және бағалау, көлік ағындарын оңтайландыру мен тасымалдауды жоспарлау мақсатында логистиканың базалық қағидаттарын қолдана отырып мамандандырылған тасымалдауларды ұйымдастыру.

ОН8 – Логистикалық үдерістердің тиімділігін арттыру үшін WMS-жүйелер мен автоматтандыру технологияларын (RFID, IoT, сенсорлық желілер) пайдалана отырып, жүктерді, қоймалық және тарату жүйелерін, көлік-жүк және терминалдык жүйелерді тиімді басқаруды әзірлеу және ұйымдастыру.

ОН9 – Көлік құралдарының сипаттамалары мен көлік қауіпсіздігі талаптарын ескере отырып, тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көлікті ілгерілетіп басқару стратегияларын жоспарлау, логистикалық тәуекелдерді талдау және бағалау.

ОН10 – Көліктегі сыртқы экономикалық қызмет стратегияларын сипаттау және бағалау, халықаралық тасымалдауларды ұйымдастыру, кедендік реттеу мен рәсімдерді қолдану, оның ішінде кеден ісіндегі логистика мен халықаралық стандарттарды пайдалану.

ОН11 – Көлік-логистикалық үдерістерге арналған цифрлық шешімдерді әзірлеу және жобалау, оларды SAP және AnyLogic платформаларында модельдеу, сондай-ақ жабдықтау тізбектерін басқаруды оңтайландыру үшін жасанды интеллект әдістерін қолдану негізінде шешімдер қабылдау.

ОН12 - Көлік ағындарының оңтайлы сұлбаларын таңдау, мультимодальды және интермодальды тасымалдауларды ұйымдастыру, сондай-ақ көлік түрлерінің өзара әрекеттестігі кезінде жүктерді жеткізудің оңтайлы логистикалық технологияларын ұсыну.

Кәсіби қызмет саласы: көліктегі материалдық ағындарды ұйымдастыру, жоспарлау, реттеу, бақылау және басқару, тиімді жабдықтау тізбектерін қалыптастырумен байланысты кәсіби, талдамалық және логистикалық қызмет.

Кәсіби қызмет нысандары:

- көлік кәсіпорындары мен халықаралық ұйымдардағы логистикалық қызметтерді ұйымдастыру және басқару үдерістері;
- материалдық ағындар, логистикалық тізбектер мен жүйелер;
- есептік, есеп беру және техникалық құжаттама;
- бастапқы еңбек ұжымдары.

Кәсіби қызмет түрлері:

- ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет;
- өндірістік-технологиялық қызметті ұйымдастыру;
- жобалық қызметті ұйымдастыру;
- көлік түрлері бойынша көлік-логистикалық қызметті ұйымдастыру.

Кәсіби қызметтің функциялары:

- жоспарлау, ұйымдастыру, басқару және логистика;
- жабдықтау тізбектерін жобалау және басқару;
- логистикалық сервис;
- сыртқы экономикалық қызмет және сыртқы сауда келісімшарттарын басқару;
- уақыт пен логистикалық шығындарды оңтайландыру;
- маршруттау сұлбасын, тасымалдаушыны және логистикалық серіктестерді оңтайлы таңдау;
- жүктерді кедендік ресімдеуді, сақтау мен қайта тиеуді ұйымдастыру;
- компанияның экспедиторлық қызметін және жабдықтау тізбегін жалпы басқару;
- салалық маркетинг пен менеджмент;
- кеден органдарымен, банктермен, сақтандыру, сюрвейерлік және стивидорлық компаниялармен жұмыс жүргізу.

Маманның лауазымдар тізімі:

- халықаралық логистика жөніндегі маман;
- логистика жөніндегі менеджер;
- жабдықтау тізбектерінің үйлестірушісі, компаниялардың логистикалық қызметіндегі интегратор;
- сквозная цифрлық логистиканы жобалау және бақылау жөніндегі маман;
- бірыңғай көлік жүйесінде көлік түрлерінің өзара ұтымды әрекеттестігін логистика қағидаттары негізінде ұйымдастыру жөніндегі маман;
- логистиканы басқару саласындағы басқарушылық, талдамалық және басқа қызмет түрлерін жүзеге асыратын маман;
- цифрлық логист;
- логистикалық және операциялық менеджмент, жабдықтауды және бизнес-үдерістерді басқару саласындағы маман.

Оқу аяқталғаннан кейін алынатын кәсіби сертификаттар - минорлық бағдарлама.

Алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар: орта, ортадан кейінгі, орта кәсіптік немесе жоғары (бакалавриат) білім.

Оқу барысында білім алушылар келесі кәсіби тәжірибе түрлерінен өтеді:

- оқу тәжірибесі;
- өндірістік тәжірибе;
- өндірістік (диплом алдындағы) тәжірибе.

Оқу тәжірибесі. Оқу тәжірибесін ұйымдастыру бакалаврлардың негізгі бағыттармен, нысандармен, кәсіби қызмет салаларымен және білім беру бағдарламасының бейінімен танысуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, ол теориялық материалды бекітуге және осы білім беру бағдарламасы бойынша кафедра филиалдарында таныстыру экскурсияларын өткізуге мүмкіндік береді.

Өндірістік тәжірибе (1). Өндірістік тәжірибенің негізгі міндеттері – тандалған білім беру бағдарламасы бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды өндірістік жағдайда бекіту, ұйымдастырушылық жұмыс тәжірибесін алу, жұмысшы мамандығын меңгеру, бакалавриат бағдарламасын игеру барысында практикалық дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру.

Диплом алдындағы / өндірістік тәжірибе (2). Бакалаврлар үшін тәжірибенің мақсаты – тандалған білім беру бағдарламасы аясында алынған теориялық білім мен практикалық қызмет арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ету.

Бұл тәжірибенің міндеттері: оқу барысында алынған теориялық білімдерді бекіту және тереңдету, бітіру біліктілік жұмысын (жобасын) жазу үшін ақпарат жинау, кәсіпорындағы озық тәжірибені зерделеу, дербес ғылыми-зерттеу жұмысын орындау тәжірибесін алу және ғылыми жұмыстың түрлі әдістерін меңгеру.

Тәжірибе осы білім беру бағдарламасына сәйкес кәсіпорындар мен ұйымдардың тәжірибе базаларында өткізіледі.

Қорытынды аттестация. Қорытынды аттестация білім беру бағдарламасы бойынша бітірушінің кәсіби даярлық деңгейін айқындауға бағытталған. Ол қорытынды кешенді емтихан түрінде немесе өзекті не проблемалық тақырып бойынша бітіру біліктілік зерттеу жұмысын (жобасын) орындау және қорғау түрінде жүзеге асырылады (жеке немесе топтық форматта).

Аталған бағалау нәтижелері білім беру қызметінің тиімділігі мен мамандарды даярлау сапасы жөнінде қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ОҚУ ПӘНДЕРІМЕН / МОДУЛЬДЕРІМЕН АРАҚАТЫНАСЫ МАТРИЦАСЫ

№	Пәннің атауы	Кредиттер саны	Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерін оқу пәндерімен байланыстыру матрицасы											
			ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
1.	Қазақстан Тарихы	5	+											
2.	Философия	5	+											
3.	Дене шынықтыру	8	+											
4.	Шет тілі	10		+										
5.	Қазақ (орыс) тілі	10		+										
6.	Әлеуметтану	8	+											
7.	Мәдениеттану	8	+											
8.	Саясаттану	8	+											
9.	Психология	8	+											
10.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5						+						
11.	Экологиялық тұрақты технологиялар	5			+									
12.	Жасыл экономика және тұрақты кәсіпкерлік	5				+								
13.	Қаржылық сауаттылық негіздері	5				+								
14.	Сандық инклюзия	5			+									
15.	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	5				+								
16.	Бизнес математика 1	5				+								
17.	Бизнес математика 2	4				+								
18.	Логистика негіздері	4							+					
19.	Көлік түрлерінің өзара әрекеттесуі	5												+
20.	Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі	5			+									
21.	Көлікті басқарудың озық тәсілдері	6									+			
22.	Логистикадағы көлік құралдары	6									+			
23.	Инженерлік графика және компьютерлік модельдеу	4						+						
24.	Python бағдарламалау негіздері	3						+						
25.	Кәсіби бағытталған шет тілі	3		+										
26.	Оқу тәжірибесі	2												+
27.	Логистикалық тәуекелдерді басқару және тасымалдау	6									+			

	қауіпсіздігі													
28.	Көлік қауіпсіздігі	6								+				
29.	Қалалық логистика және жоспарлау	6						+						
30.	Жолаушылар тасымалы логистикасы	6						+						
31.	Логистикадағы экономика және бизнес-жоспарлау	6				+								
32.	Логистикалық стартаптарды жобалау	6				+								
33.	Халықаралық тасымалдарды көліктік қамтамасыз ету	6									+			
34.	Көліктегі сыртқы экономикалық қызмет	6									+			
35.	Көліктік-жүк жүйелері	6							+					
36.	Терминалды көлік жүйелері	6							+					
37.	Басқару экономикасы	3				+								
38.	Тайм-менеджмент	3				+								
39.	Көлік-логистика үдерістерін цифрландыру	6										+		
40.	SAP және AnyLogic қолдану арқылы логистикалық үдерістерді модельдеу	5											+	
41.	Жеткізу тізбектерін басқарудағы жасанды интеллект	5											+	
42.	Көлік логистикасы	6												+
43.	Жүктерді басқару	4							+					
44.	Көлік ағындарын оңтайландыру	5												+
45.	Мамандандырылған тасымалдау логистикасы - 1	4						+	+					
46.	Мамандандырылған тасымалдау логистикасы 2	4						+	+					
47.	Қоймалық және тарату жүйелерінің логистикасы	7							+					
48.	Өндірістік практика 1	5							+					+
49.	Өндірістік (диплом алдындағы) практика 2	5							+					+
50.	Контейнерлік тасымалдау технологиялары	6												+
51.	Мультимодальды және интермодальды тасымалдаулар	6												+
52.	Көлік-логистикалық орталық-тар мен терминалды техноло-гиялар	6												+
53.	Жүктерді жеткізудің логистикалық технологиялары	6												+
54.	Темір жол станцияларының кешенді жұмыс	6												+

	технологиясы													
55.	Темір жол тораптары мен шекаралық темір жол станцияларының жұмыс технологиясы	6												+
56.	Кедендік реттеу және рәсімдер	6										+		
57.	Кеден ісіндегі логистика	6										+		
58.	Логистикадағы халықаралық стандарттар (INCOTERMS, ISO, FIATA)	7										+		
59.	Халықаралық логистика және сыртқы экономикалық қызмет	7										+		
60.	Минор бағдарламасы 1: WMS-жүйелер және қойманы цифрлық басқару	3								+				
61.	Минор бағдарламасы 2: Логистикалық үдерістерді автоматтандыру (RFID, IoT, сенсорлық желілер)	3								+				
62.	Минор бағдарламасы 3: Жүктерді кедендік ресімдеу	3										+		
63.	ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯ	8	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ҚОСЫМША ОҚЫТУ ТҮРЛЕРІ (ҚОТ):														
64.	Қоғамға қызмет ету	1			+									
65.	Бизнес-коммуникациялар						+							

6. БАКАЛАВРИАТТЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

№ р/с	Пәндер циклінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағаттарда	академиялық кредиттерде
1	Жалпы білім беретін пәндер циклі (ЖБП)	1680	56
1)	Міндетті компонент	1530	51
	Қазақстан тарихы	150	5
	Философия	150	5
	Шет тілі	300	10
	Қазақ (орыс) тілі	300	10
	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	150	5
	Әлеуметтік-саяси білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, психология)	240	8
	Дене шынықтыру	240	8
2)	Жоғарғы оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті	150	5
2	Негізгі және бейіндік пәндер циклі (БП, ПП)	5280 кем емес	176 кем емес
1)	Жоғарғы оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті	1740	58
2)	Кәсіби практика	210	15
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)	120	4
1)	Таңдау компоненті		
4	Қорытынды аттестаттау	240 кем емес	8 кем емес
	Барлығы	7200 кем емес	240 кем емес

7. БҮКІЛ ОҚУ МЕРЗІМІНЕ АРНАЛҒАН ОҚУ ЖОСПАРЫ

АО «АЛТ Университет имени Мухаммеда Тельшешова»

УЧЕБНЫЙ ПЛАН

© 2013 BY THE BOARD OF REGENTS OF THE UNIVERSITY OF CALIFORNIA

Направление подготовки:
680703 Транспортировочные услуги

Code efficiency: 3 runs

Группы образовательных программ:
Д095 Транспортные услуги

Коммерческая образовательная программа:
6Dff1368 - Лодостроение (по отраслям)

Степень: бакалавр в области урбанизма

Примеч.: 2025 год



№	Код дисциплины	Наименование курсов и дисциплин	Общая трудоемкость		Средний балл	Средний балл	Средний балл	Средний балл	Средний балл	Средний балл	Средний балл	Средний балл	Средний балл	Распределение по триместрам									Зачеты по кафедре
			в академических часах	в зачетных единицах										1 курс			2 курс			3 курс			
					1	2	3	4	5	6	7	8	9										
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	
1.	Цикл общеобразовательных дисциплин (ООД)																						
1.1	Модуль общеобразовательных компетенций																						
1.1.1	Обязательный компонент:		1530	51			1630	20	442	0	168	642	6	6	13	13	4	2	7	6	0		
1.1.1.1	21-03-06.01	История Казахстана	180	5	4		190	20	28		8	162				8						СГД-08	
1.1.1.2	21-03-06.02	Философия	180	5	7		190	20	28		8	162						5				СГД-08	
1.1.1.3	21-03-06.03	Физическая культура	240	8	1,2, 3,4		240		48		32	168	2	2	2	2						СГД-08	
1.1.2	Модуль языковых компетенций																						
1.1.2.1	21-03-06.01	Иностранный язык	360	16	1,2, 3,4,5		390		208		40	60	2	2	2	2	2					ЛБ	
1.1.2.2	21-03-06.02	Казахский (Русский) язык	360	16	1,2, 3,4,5		390		936		40	163	2	2	2	2	2					ЛБ	
1.1.3	Модуль социально-политических компетенций																						
1.1.3.1	21-03-06.01	Социология	240	8	1,4,8,7		240		5	18	8	37				2						СГД-08	
	21-03-06.02	Культурология							5	18	8	37			2				СГД-08				
	21-03-06.03	Психология							5	18	8	37					2		СГД-08				
	21-03-06.04	Патриотизм							5	18	8	37					2		СГД-08				
1.1.4	Модуль информационных компетенций и искусственного интеллекта																						
1.1.4.1	21-03-06.01	Информационно-коммуникационные технологии	180	5	3		190	20	28		8	162			3							ИИТ	
1.2	Компонент по выбору:																						
1.2.1	Модуль экономико-управленческих компетенций																						
1.2.1.1	21-03-06.01	Экономические устойчивые технологии	180	6	6		180	28	20		8	192						3				АТС-08	
	21-03-06.02	Экономика и устойчивое развитие																					
	21-03-06.03	Основы финансового право																					
	21-03-06.04	Цифровые технологии																					
	21-03-06.05	Основы права и интеллектуальной собственности																					
1.2.2	ВСЕГО по циклу ООД:																						
			1686	56			1693	100	463	0	176	944	8	8	13	13	4	7	7	0	0		
2.	Цикл базовых и профилирующих дисциплин (БД, ПД):																						
2.1	Базовые дисциплины (БД)																						
2.1.1	Фундаментальный компонент:		1410	47			1410	120	183	0	150	903	19	18	2	0	8	3	8	5	0		
2.1.2	Модуль естественно-научных компетенций																						
2.1.2.1	21-03-06.01	Базовая математика 1	180	6	1		188	18	20		10	102	5									ОБ	
2.1.2.2	21-03-06.02	Базовая математика 2	120	4	2		128	18	20		10	88		4								ОБ	
2.1.3	Профессиональный модуль																						
2.1.3.1	21-03-06.01	Основы логистики	180	6	1		188	18	10		15	102	8									ТНБ	
2.1.3.2	21-03-06.02	Транспортные средства и логистика	180	6	2		188	18	10		15	102		8								ТНБ	
2.1.3.3	21-03-06.03	Средства в безопасности жизнедеятельности	180	6	3		188	18	20		20	100							6			ТНБ	
2.1.3.4	21-03-06.04	Продвинутое управление транспортом	180	6	2		188	18	20		15	126		8								ТНБ	
2.1.3.5	21-03-06.05	Безопасность видов транспорта	180	6	1		188	18	10		15	102	8									ТНБ	
2.1.4	Модуль информационных технологий и искусственного интеллекта																						
2.1.4.1	21-03-06.01	Инженерия трафика и компьютерное моделирование	120	4	1		120	15	20		15	75	4									ИИТ	
2.1.4.2	21-03-06.02	Основы программирования Python	90	3	2		98		12		15	65		3								ИИТ	
2.1.5	Практикоориентированный модуль																						
2.1.5.1	21-03-06.01	Профессионально-ориентированный иностранный язык	90	3	6		98		42		15	35					3					ЛБ	
2.1.5.2	21-03-06.02	Учебная практика	60	2	3		68								2							ТНБ	
2.1.6	Компонент по выбору:																						
2.1.6.1	Профессиональный модуль																						
2.1.6.1.1	21-03-06.01	Управление логистическим рисками и безопасностью перевозок	180	6	4		180	20	28		15	125					8					ТНБ	
	21-03-06.02	Транспортная безопасность																					
2.1.6.1.2	21-03-06.03	Городская логистика и планирование	180	6	3		180	20	28		15	125					8					ТНБ	
	21-03-06.04	Логистика пассажирского транспорта																					

8. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ КОМПОНЕНТІНІҢ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B11369 – Логистика (салалар бойынша)

Білім деңгейі: бакалавриат

Оқу мерзімі: 3 жыл

Цикл	Компонент	Пәннің атауы	Жалпы еңбек қарқындылығы		Семестр	Оқыту нәтижелері	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Пререквизиттер	Постреквизиттер
			академиялық сағаттарла	академиялық кредиттерде					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
БП	ЖК	Іскерлік математика 1	120	5	1	PO4	Пән нақты қолданбалы бизнес есептерін шешуге қажетті құралдар болып табылатын қазіргі заманауи математиканың негізгі ұғымдары мен заңдарын зерттейді. Пән студенттердің өз бетінше зерттеу дағдыларын және мәліметтерді талдау, процесті оңтайландыру және шешім қабылдау үшін үйренген математикалық әдістерді пайдалану қабілетін дамытуға бағытталған. Пәннің мазмұны сызықтық алгебра және аналитикалық геометрия, дифференциалдық және интегралдық есептеулер қамтиды. Курстың әрбір бөлімі үшін қолданбалы сипаттағы мәселелерге ерекше назар аударылады.	Мектеп компонентінің пәндері	Іскерлік математика 2

БП	ЖК	Іскерлік математика 2	150	4	2	PO4	«Бизнес математикасы2» пәні ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканың негіздерін, сызықтық бағдарламалау элементтерін зерттейді. Пәнді оқудың мақсаты студенттерге ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканың негіздерін, экономика, қаржы және бизнес саласындағы теориялық және практикалық есептерді шешуде қолданылатын сызықтық бағдарламалау есептерін үйрету, математиканы экономикалық талдау, ұйымдастыру және басқару құралы ретінде қолдану дағдыларын дамыту, студенттердің логикалық және аналитикалық ойлауын дамыту.	Іскерлік математика 1	Логистикадағы экономика және бизнес-жоспарлау Логистикалық стартаптарды жобалау
БП	ЖК	Логистика негіздері	180	4	1	PO7	Пән логистикалық жүйедегі ағындарды басқарудағы оңтайландыру мәселелерін шешу үшін логистикалық жүйелердің пайда болуы мен дамуының алғышарттары, логистикалық операциялар, жүктерді жеткізу процестері мен технологиялары туралы түсініктерді, оңтайландыру тұжырымдамаларын, принциптерін, логистикалық аппараттарды зерттейді	Мектеп компонентінің пәндері	Көлік логистикасы, Қоймалық және тарату жүйелерінің логистикасы, Жүктерді басқару
БП	ЖК	Логистикадағы көлік құралдары	180	5	2	PO9	Пән барлық көлік түрлерінің жүк пен жолаушыларды межелі орынға жеткізу процесіне қатысатын көлік құралдары мен жылжымалы құрамын және логистикадағы олардың рөлін зерттеуге бағытталған. Ерекше назар логистикалық үдерістерде қолданылатын заманауи көлік құралдары мен жабдықтарды, олардың ерекшеліктерін ескере отырып, талдауға аударылады.	Көлік түрлерінің өзара әрекеттесуі	Көлік ағындарын оңтайландыру, Логистикалық тәуекелдерді басқару және тасымалдау қауіпсіздігі, Көлік қауіпсіздігі, Мамандандырылған тасымалдау логистикасы 1,2
БП	ЖК	Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі	180	5	8	PO3	Пән студенттердің қауіпсіз еңбек және өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру бағытын зерттейді. Еңбекті қорғаудың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері, кәсіптік тәуекелдерді бағалау және басқару әдістері, жеке және ұжымдық қорғау құралдары,	Логистикалық тәуекелдерді басқару және тасымалдау қауіпсіздігі	Өндірістік тәжірибе 1 Өндірістік (диплом алды) тәжірибе 2 Қорытынды

							төтенше жағдайлардың алдын алу, сондай-ақ жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу шаралары зерделенеді. Қауіпсіз өндірістік ортаны құруға, еңбекті қорғау нормалары мен талаптарын сақтауға, сондай-ақ кәсіби қызметте қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға ерекше назар аударылады.	Көлік қауіпсіздігі	аттестация
БП	ЖК	Көлікті басқарудың озық тәсілдері	180	6	2	PO9	Көлік түрлері бойынша тасымалдауды ұйымдастыру мен басқаруды оңтайландырудың заманауи тәсілдерін зерттеу. Сандық технологияларды, интеллектуалды көлік жүйелерін, орнықты мобильділікті және логистикалық стратегияларды талдауды қамтиды. Тасымалдау тиімділігін арттыруға, шығындарды азайтуға және логистикалық шешімдердің экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінеді.	Көлік түрлерінің өзара әрекеттесуі Логистикадағы көлік құралдары	Көлік логистикасы, Көліктік-жүк жүйелері, Терминалды көлік жүйелері
БП	ЖК	Көлік түрлерінің өзара әрекеттесуі	180	5	1	PO12	Пән көлік түрлерін, артықшылықтары мен кемшіліктерін, техникалық-пайдалану көрсеткіштерін зерделейді, көлік құралын таңдау және жүктерді тасымалдаудың оңтайлы тәсілі саласындағы білім мен дағдыларды қалыптастырады, көлік түрлерінің өзара іс-қимыл әдістерін меңгереді, жүктерді тасымалдау нұсқаларын бағалайды	Мектеп компонентінің пәндері	Көлік логистикасы, Көлік ағындарын оңтайландыру, Халықаралық тасымалдарды көліктік қамтамасыз ету, Көліктегі сыртқы экономикалық қызмет
БП	ЖК	Инженерлік графика және компьютерлік модельдеу	180	4	1	PO6	Техникалық сызу мен инженерлік графика принциптері, сондай-ақ арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып заманауи 3D-модельдеу әдістері оқытылып, техникалық нысандарды жобалау және визуализациялау, цифрлық модельдер мен сызбалар жасау, құрылымдарды модельдеу және олардың параметрлерін талдау бойынша инженерлік міндеттерді шешуге бағытталған кешенді дағдылар қалыптастырылады.	Мектеп компонентінің пәндері	Python бағдарламалау негіздері, Көлік-логистика үдерістерін цифрландыру, SAP және AnyLogic қолдану арқылы логистикалық үдерістерді модельдеу
БП	ЖК	Python бағдарламалау негіздері	90	3	2	PO6	Курс Python тілінің синтаксисі мен семантикасын, бағдарламаларды алгоритмдеу мен жобалауды, бағдарламаларды құрылымдауды және жасанды	Инженерлік графика және компьютерлік	Көлік-логистика үдерістерін цифрландыру, SAP

							интеллектпен байланысты есептерді шешуді үйренеді, Машиналық оқыту, деректерді өңдеу және интеллектуалды жүйелерді әзірлеу әдістерін меңгереді, сондай-ақ жасанды интеллектті бағдарламалау мен негіздерде кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыра отырып, әртүрлі салаларда АИ қолдануды талдайды	модельдеу	және AnyLogic қолдану арқылы логистикалық үдерістерді модельдеу, Жеткізу тізбектерін басқарудағы жасанды интеллект
БП	ЖК	Кәсіби бағытталған шет тілі	180	3	4	PO2	Кәсіби қызмет үшін қажетті шет тіліндегі кәсіби коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту, жазбаша және ауызша ақпарат алмасуды жүзеге асыру үшін кәсіби шет тілін меңгеру, өз мамандығы бойынша кәсіби әдебиеттерді шет тілінде оқу және түсіну дағдыларын дамыту, кәсіби және іскерлік қарым-қатынас жағдайында өз ойын ауызша және жазбаша түрде білдіру қабілетін дамыту.	Шет тілі	Логистикадағы халықаралық стандарттар (INCOTERMS, ISO, FIATA), Халықаралық логистика және сыртқы экономикалық қызмет
БП	ЖК	Оқу тәжірибесі	60	3	3	PO12	Бастапқы кәсіби іскерліктер мен дағдыларды алуға бағытталған. Тәжірибенің мақсаты мынадай міндеттерді қамтиды: кәсіпорынның қызметімен және оның құрылымымен жалпы танысу; басқару жүйесімен және ұйымдастырушылық-құқықтық нысанымен танысу, кәсіпорын бөлімшелерінің негізгі функцияларын зерделеу; басқару мәселелеріне қатысты нормативтік-құқықтық құжаттар мен кәсіпорын қызметін реттейтін заңнамалық актілерді оқу; болашақ мамандықпен және оның ерекшеліктерімен практикалық танысу.	Логистика негіздері, Көлікті басқарудың озық тәсілдері	Өндірістік тәжірибе 1,2, Қорытынды аттестация
БеП	ЖК	Көлік-логистика үдерістерін цифрландыру	180	6	7	PO11	Көліктегі логистика саласында қолданылатын заманауи цифрлық технологиялар зерттеледі. Студенттер цифрлық платформалар, интеллектуалды көлік жүйелері негіздерін, сондай-ақ логистикалық операцияларды цифрлық құралдар арқылы талдау және оңтайландыру әдістерін меңгереді. Пән цифрлық трансформация жағдайында логистикалық үдерістерді тиімді басқару үшін қажетті құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді.	Инженерлік графика және компьютерлік модельдеу, Көлік ағындарын оңтайландыру, Python бағдарламалау негіздері	SAP және AnyLogic қолдану арқылы логистикалық үдерістерді модельдеу, Жеткізу тізбектерін басқарудағы жасанды интеллект
БеП	ЖК	SAP және AnyLogic қолдану	150	5	9	PO11	Логистикалық жүйелерді модельдеу және оңтайландыру бойынша практикалық дағдылар қалыптасады және меңгеріледі. Студенттер SAP ERP жүйесінің жұмыс	Көлік-логистика үдерістерін цифрландыру	Қорытынды аттестация

		арқылы логистикалық үдерістерді модельдеу					принциптері мен AnyLogic имитациялық модельдеу бағдарламалық жасақтамасын зерттейді. Пән көліктік саладағы логистикалық үдерістерді талдауға, түйткілді тұстарын анықтауға және логистикалық операциялардың тиімділігін арттыруға арналған тиімді шешімдер әзірлеуге мүмкіндік береді.		
БеП	ЖК	Жеткізу тізбектерін басқарудағы жасанды интеллект	150	5	9	PO11	Пән жеткізу тізбегінің теориялық түсініктерін және жеткізу тізбегін басқаруда жасанды интеллект (AI) технологияларын қолданудың практикалық аспектілерін қарастырады. Студенттер деректерді талдау, болжау модельдері, машиналық оқыту және автоматтандырылған шешім қабылдау құралдарымен танысады. Курс логистикалық үдерістердің тиімділігін арттыруға, шығындарды азайтуға және жеткізу тізбегінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған заманауи ЖИ шешімдерін меңгеруге көмектеседі.	Көлік-логистика үдерістерін цифрландыру	Қорытынды аттестация
БеП	ЖК	Көлік логистикасы	180	6	6	PO12	Пән логистикалық жүйелерді басқарудың негізгі ережелерін, өнімді өндірушіден тұтынушыға жеткізу бойынша операциялар мен қызметтердің барлық кешенін, логистикалық жүйелерді жобалау мен салуды қамтитын тасымалдау саласындағы қызметті анықтайды. Білім алушылар өнімсіз шығындар мен шығындарды анықтауға үйренеді.	Логистика негіздері, Көлік ағындарын оңтайландыру, Көлік түрлерінің өзара әрекеттесуі, Көлікті басқарудың озық тәсілдері, Контейнерлік тасымалдау технологиялары, Мультимодальды және интермодальды тасымалдар	Мамандандырылған тасымалдау логистикасы 1 және 2, Транспортно-грузовые системы, Терминалды көлік жүйелері
БеП	ЖК	Жүктерді басқару	120	4	2	PO8	Көлік-логистикалық жүйелердегі әртүрлі жүк түрлерінің қасиеттері, жіктелуі және олармен жұмыс істеу ерекшеліктері зерделенеді. Студенттер таңбалау, орау, сақтау, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу әдістерін, сондай-ақ жүктің сипаттамаларын ескере отырып тасымалдау ережелерін меңгереді. Ерекше назар жүктің сақталуын қамтамасыз етуге, шығындарды азайтуға және логистикалық тізбектің барлық кезеңдерінде жүк	Логистика негіздері	Қоймалық және тарату жүйелерінің логистикасы, Контейнерлік тасымалдау технологиялары, Мультимодальды және интермодальды

							тасымалдарын тиімді ұйымдастыруға аударылады.		тасымалдар
БеП	ЖК	Көлік ағындарын оңтайландыру	150	5	5	PO12	Көлік құралдары мен жүк ағындарының қозғалыс тиімділігін талдау, модельдеу және арттыру әдістері зерделенеді. Студенттер маршруттарды жоспарлау, ресурстарды бөлу және шығындарды азайту үшін математикалық оңтайландыру, логистикалық модельдеу және ақпараттық технологиялар құралдарын меңгереді. Ерекше назар көлік жүйелерінің тұрақтылығына, кептелістерді азайтуға, «тар орындарды» анықтауға және көлік инфрақұрылымының өткізу қабілетін арттыруға аударылады.	Логистикадағы көлік құралдары, Көлік түрлерінің өзара әрекеттесуі	Көлік логистикасы, Көлік-логистика үдерістерін цифрландыру
БеП	ЖК	Мамандандырылған тасымалдау логистикасы - 1	120	4	7	PO7, PO8	Пән мамандандырылған тасымалдардың (ауыр салмақты, габаритті емес, бас және қауіпті жүктердің) ерекшелігін, жылжымалы құрамда ірі тоннажды жүктерді орналастыру және бекіту шарттарын, тиеу-түсіру жұмыстарын ұйымдастыруды, қойма операцияларын, барлық сыныптардағы қауіпті жүктерді сақтау және тасымалдау шарттарын, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарын зерделейді. тасымалдау процесінде цифрлық технологиялар мен логистикалық тәсілді қолдану мүмкіндігімен.	Логистикадағы көлік құралдары, Көлік логистикасы	Мамандандырылған тасымалдау логистикасы 2, Қоймалық және тарату жүйелерінің логистикасы
БеП	ЖК	Мамандандырылған тасымалдау логистикасы 2	120	4	8	PO7, PO8	Пән вагондар мен контейнерлерде тез бұзылатын жүктерді тасымалдау процесі, мамандандырылған жүктерді жеткізудің көліктік-логистикалық тізбегіндегі техникалық-технологиялық процестерге жақын тіршілік ету саласындағы теориялық негіздер мен практикалық білімді қалыптастырады. Білім алушылар тез бұзылатын жүктерді сақтау шарттарын, логистиканы қолдана отырып қолданудың үздіксіз Тоңазытқыш тізбектерін, сондай-ақ осы жүктерді тасымалдау кезінде нормативтік құжаттарды, заңнамалық актілерді зерделейді.	Логистикадағы көлік құралдары, Көлік логистикасы	Жүкке кедендік рәсімдеу, Темір жол станцияларының кешенді жұмыс технологиясы, Темір жол тораптары мен шекаралық темір жол станцияларының жұмыс технологиясы
БеП	ЖК	Қоймалық және тарату жүйелерінің логистикасы	210	7	8	PO8	Логистикалық тізбектердегі қойма инфрақұрылымын ұйымдастыру, жұмыс істеу және оңтайландыру қағидаттары зерделенеді. Студенттер қорларды басқару, тауарларды орналастыру, қойма жабдықтары мен технологияларын таңдау әдістерін меңгереді. Ерекше назар тарату орталықтарын жобалауға, үдерістерді автоматтандыруға, мекенжайлық сақтау жүйесіне және	Логистика негіздері, Жүктерді басқару, WMS жүйелері және цифрлық қойма басқару, Мамандандырылғ	Темір жол станцияларының кешенді жұмыс технологиясы, Темір жол тораптары мен шекаралық темір жол

							соңғы миля логистикасына аударылады, бұл тауар ағындарының тиімділігін арттыруға және шығындарды азайтуға ықпал етеді.	ан тасымалдау логистикасы 1	станцияларының жұмыс технологиясы, Өндірістік тәжірибе 1 және 2
БеП	ЖК	Өндірістік тәжірибе 1	150	5	6	PO8, PO12	Оқыту процесінде алынған теориялық білімдерді бекіту, сондай-ақ көлік компаниялары мен транспорт ұйымдарының өндірістік қызметін ұйымдастыру қағидаларымен танысу. Көлік объектілерінде, логистикалық компанияларда (кәсіпорындарда) қозғалысты ұйымдастыруға, логистикалық жүйелердің қозғалысын модельдеуге және жобалауға, жүк тасымалдау процесін жетілдіруге және көлік түрлерінің өзара әрекеттестігіне байланысты кешенді міндеттерді шешуге бағытталған теориялық білімдерді бекіту және кеңейту, сондай-ақ бакалаврдың нақты өндірістегі кәсіби қызметінің ерекшеліктерімен танысу.	Логистика негіздері, Логистикадағы көлік құралдары	Қоймалық және тарату жүйелерінің логистикасы, Өндірістік (диплом алды) тәжірибе 2
БеП	ЖК	Өндірістік (диплом алды) тәжірибе 2	150	5	9	PO8, PO12	Бастапқы кәсіби тәжірибе алу, жалпы және кәсіби құзыреттерді дамыту, дербес еңбек қызметіне дайындықты тексеру. Базалық және бейіндік пәндер бойынша алынған теориялық білімдерді бекіту және тереңдету, таңдалған мамандық бойынша қажетті практикалық іскерліктер мен дағдыларды меңгеру. Өндірістік тәжірибені ұйымдастыру дипломдық жұмыс / жобаны орындауға немесе кешенді емтиханға дайындыққа ықпал етеді. Тәжірибе логистикалық, көлік-логистикалық кәсіпорындар мен компаниялар базасында, кәсіпорыннан тәлімгер тағайындау арқылы жүзеге асырылады.	Логистика негіздері, Логистикадағы көлік құралдары	Қорытынды аттестация
БеП	ЖК	Қоғамға қызмет ету	30	1	1	PO3	Дисциплина студенттерде әлеуметтік жауапкершілік пен көлік логистикасының қоғам өміріндегі рөлі туралы түсінік қалыптастырады. Курс тұрақты даму негіздерімен, кәсіби этикамен, логистикалық шешімдердің әлеуметтік және экологиялық маңыздылығымен таныстырады.	Мектеп компонентінің пәндері	Экологиялық тұрақты технологиялар, Көлікті басқарудың озық тәсілдері,
БеП	ЖК	Бизнес коммуникациялар	30	1	1	PO5	Дисциплина көлік логистикасындағы іскерлік қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу дағдыларын дамытады. Курс ауызша және жазбаша бизнес-коммуникация негіздерін, іскерлік әдепті және келіссөз жүргізу мәдениетін қамтиды.	Мектеп компонентінің пәндері	Қаржылық сауаттылық негіздері, Сандық инклюзия

9. ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ ПӘНДЕРІНІҢ КАТАЛОГЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6В11369 – Логистика (салалар бойынша)

Білім деңгейі: бакалавриат

Оқу мерзімі: 3 жыл

Цикл	Компонент	Пәннің атауы	Жалпы еңбек қарқындылығы		Семестр	Оқыту нәтижелері	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Пререквизиттер	Постреквизиттер
			академиялық сағаттарда	академиялық кредиттерде					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
ЖБП	ТК	Экологиялық тұрақты технологиялар	150	5	6	PO3	"Экологиялық тұрақты технологиялар" пәні адам қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға бағытталған заманауи әдістер мен инновациялық шешімдерді зерттейді. Курс тұрақты даму принциптерін, энергияны үнемдеу технологияларын, жаңартылатын энергия көздерін, қалдықтарды басқару стратегияларын және экологиялық қауіпсіз өндірістік процестерді қарастырады.	Мектеп компонентінің пәндері	Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі, Қорытынды аттестация
		Жасыл экономика және тұрақты кәсіпкерлік				PO4	"Жасыл экономика және тұрақты кәсіпкерлік" пәні тұрақты дамуға бағытталған экологиялық бағдарланған экономикалық модельдер мен бизнес-стратегияларды зерттеуге арналған. Курс шеңберінде Жасыл экономика тұжырымдамалары, ESG (Environmental, Social, Governance) тәсілдер, дөңгелек экономика, тұрақты бизнес-модельдер және олардың жаһандық нарықтарға әсері қарастырылады.	Іскерлік математика 1, Іскерлік математика 2	Басқару экономикасы, Тайм-менеджмент, Қорытынды аттестация
		Қаржылық сауаттылық негіздері				PO4	Пән негізделген қаржылық шешімдер қабылдау, кірістер мен шығыстарды жоспарлау, тәуекелдерді бағалау және нарықтық экономика жағдайында өз ресурстарын тиімді басқару қабілетін дамытуға	Іскерлік математика 1, Іскерлік математика 2	Басқару экономикасы, Тайм-менеджмент

							бағытталған. Қаржы және ақшалай қаражатты ұтымды басқару саласындағы базалық білімді зерделейді, қаржы жүйесі, бюджет, банк өнімдері, кредит беру, жинақтау, инвестициялар, сақтандыру, салық салу және қаржылық алаяқтықтан қорғау ұғымдары қарастырылады		
		Сандық инклюзия				PO3	"Сандық инклюзия" пәні барлық әлеуметтік топтар, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін цифрлық технологиялар мен ақпаратқа тең қолжетімділікті қамтамасыз ету принциптерін зерттеуге арналған. Курс шеңберінде цифрлық теңсіздіктің кедергілері, оларды еңсеру стратегиялары, цифрлық ортаны бейімдеу технологиялары және инклюзивті цифрлық қоғамды дамыту жөніндегі мемлекеттік бастамалар қарастырылады.	Мектеп компонентінің пәндері	Көлік-логистика үдерістерін цифрландыру
		Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері				PO4	Пәнде құқықтың іргелі ұғымдары, Қазақстан Республикасы мемлекеттік билігінің конституциялық құрылымы, Конституцияда бекітілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, бұзылған жағдайда адамның заңды мүдделерін қорғау тетігі мен тетігі баяндалады. Пән студенттерде қоғамдық және жеке құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша білім мен азаматтық ұстаным жүйесін қоғамға қарсы құбылыс ретінде қалыптастырады.	Мектеп компонентінің пәндері	Кедендік реттеу және рәсімдер, Кеден ісіндегі логистика
БП	ТК	Логистикалық тәуекелдерді басқару және тасымалдау қауіпсіздігі	180	6	4	PO9	Логистикалық жүйелердегі тәуекелдерді басқарудың теориялық және практикалық аспектілерін зерделеу. Студенттер логистикалық тәуекелдердің жіктелуін, оларды бағалау және азайту әдістерін, сондай-ақ көлік операцияларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаттарын меңгереді. Ерекше назар құқықтық, ұйымдастырушылық және технологиялық тетіктер арқылы оқыс оқиғалардың алдын алуға және белгісіздік жағдайындағы логистикалық үдерістердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге аударылады.	Жүктерді басқару, Көлік түрлерінің өзара әрекеттесуі, Логистикадағы көлік құралдары	Көлік логистикасы, Көлік ағындарын оңтайландыру, Кедендік реттеу және рәсімдер
		Көлік қауіпсіздігі				PO9	Студенттерге көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық негіздері туралы білім қалыптастырады. Пән аясында қауіп-қатер түрлері, көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі, рұқсат етілмеген араласуды	Бизнес-үдерістерді басқару, Басқару экономикасы	Мамандандырылған тасымалдау логистикасы 1 және 2

							анықтау және оның алдын алу әдістері қарастырылады. Ерекше назар нормативтік-құқықтық базаға, заманауи технологиялар мен қорғау құралдарына, сондай-ақ көлік қауіпсіздігі саласындағы персоналға қойылатын талаптарға аударылады.		
